

А.А. Касымжанова¹, Б.Ф. Пико², Қ.О. Ахан³^{1,3}Тұран университеті, Алматы, Қазақстан²Cegeed университеті, Cegeed, Венгрия

(E-mail: a.kassymzhanova@turana-edu.kz)

Қазақстан тұрғындарының мысалында өмірге қанағаттанушылық пен бақытты көлденең зерттеу

Аңдатпа. Мақалада өмірге қанағаттанушылық шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және осы әдістеме арқылы алынған көрсеткіш бойынша өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер ету ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеудің нәтижелері қамтылған. Зерттеуге 16-70 жас аралығында Қазақстанның қазақ тілді тұрғындары ($N = 417$; орта жас = 27, $SD = 8.8$) қатысты. Зерттеу барысында таңдау тобы қалыпты үлестірім заңдылығына сәйкес екендігі тексерілді және осыған сәйкес көрсеткіштерді талдауда параметрлік әдістер қолданылды. Diener және оның әріптестері ұсынған өмірге қанағаттанушылық шкаласы (SWLS, 1985) қазақ тіліне аударылып, ұлт пен тіл ерекшелігіне сай бейімделді. Жалпы және жеке тармақтар бойынша альфа-Кронбах коэффициенті 0,8-ден жоғары болып, әдістеменің сенімділігі статистикалық тұрғыда дәлелденді. Ал, респонденттердің бақыт деңгейін анықтауда Оксфордтық бақыт сауалнамасының қазақ тіліне бейімделген нұсқасы қолданылды. өмірге қанағаттанушылық пен бақыт арасындағы байланысты зерттеу үшін Пирсон бойынша корреляциялық талдау жүргізіліп, нәтижесінде аталған екі айнымалы арасында тікелей оң байланыс бар екендігі анықталды ($r = 0,688$; $p < 0,01$). Мәліметтерді дисперсиялық талдау өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер ететінін көрсетсе, регрессиялық талдау арқылы өмірге қанағаттанушылықтың 45% жағдайда бақыттың предикторы болатыны дәлелденді. Бұл нәтижелер позитивті психология саласындағы зерттеушілер мен психологтардың қазақ тілді тұлғалармен жұмыс жасау кезінде қолдануға болатын өмірге қанағаттанушылық шкаласының бейімделуіне маңызды үлес қосады.

Түйін сөздер: өмірге қанағаттанушылық, бақыт, сенімділік статистикасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-321-331>

Кіріспе

Ежелден адамзатты бақыт тақырыбы қызықтырып, ойшылдар бақыттың эвдемониялық және гедонистік түрін ұсынған. Эвдемониялық бақыт өмірдің мәнділігіне негізделсе, гедонистік бақыт күйлерді сезіну, өмірге қанағаттанушылықпен және рахаттанумен анықталады. Қазіргі уақыттағы бақыттың позитивті және негативті аффектен, өмірге қанағаттанушылықтан тұратын гедонистік құрылымы кеңінен қолданылуда. Құрамдастарының алғашқы екеуі бақыттың эмоциялық аспектінің, ал соңғысы когнитивті аспектінің ұсынады. Бақыт тақырыбын алғашқы зерттеушілердің бірі В. Татаркевич өз еңбегінде "... бақыт толықтай қанағаттануды талап етеді, бұл өмірге тұтастай қанағаттану" екенін атап, өмірге қанағаттанушылыққа ерекше мән береді [1].

Shin және Johnson өмірге қанағаттанушылыққа "тұлғаның өзі таңдаған критерийлері бойынша өмір сапасын жалпы бағалауы" деген анықтама береді. Қанағаттану туралы

пайымдау адамның өмірлік жағдайын сәйкес стандарттармен салыстыруына тәуелді [2]. Яғни, адам өзінің жағдайын жалпылама ортақ түсініктермен салыстыра отырып, өз өміріне байланысты ой түйеді. Бұл пайымдау оның өміріне қанағаттанушылығына тікелей әсер етеді.

Өмірге қанағаттанушылықты өлшеу құралдары алғашқы уақытта бір тармақтан тұрды. Мұндай шкалаларды қолдану зерттеу бойынша күдік тудыруы мүмкін. Өйткені, бұл жерде аталған құрылымға әсер ететін басқа фактарлар ескерілмеген. 1985 жылы Diener және оның әріптестері Өмірге қанағаттану шкаласын (The Satisfaction with Life Scale) ұсынады. Бастапқыда 48 тармақтан тұратын әдістеме кейінірек мағынасына қарай 5 тармаққа жинақталады. Өлшеу құралының сенімділігін дәлелдеуде студенттерге, сосын егде жастағы тұлғалар мен қарияларға Өмірге қанағаттанушылық шкаласы жүргізілді. Нәтижесінде әдістеменің қолданысқа жарамды екені дәлелденді [1].

Жоғарыда аталған бір тармақты әдістеме мәселесіне сәйкес, Michalos және Kahlke өмірге қанағаттанушылықты өлшеу құралын екі түрін қолдана отырып зерттеу жүргізіп, бір тармақтан тұратын шкала бес тармақтан тұратын Өмірге қанағаттанушылық шкаласына қарағанда тұрақсыздау екенін анықтайды. Сонымен қатар, Krueger және Schkade зерттеуі бойынша әдістемені жүргізу барысында “ағымдағы өмір” немесе “осы күндері” сияқты сөздерді қолдану алынған нәтиже сенімділігіне әсер етеді. Өйткені, кейбір адамдар бұл сөздерді жақын күндері басынан өткізген өмірінің қысқа уақыты ретінде қабылдауы мүмкін [3].

Өмірге қанағаттанушылықтың қаншалықты тұрақты және қаншалықты жағдайға байланысты екендігін зерттеуде Eid және Diener өмірге қанағаттанушылықтың 74% дисперсиясы тұрақты қолжетімді ақпаратқа, 16%-ы уақытша қолжетімді ақпаратқа, 10%-ы кездейсоқ қателікке тәуелді екендігін анықтады [4]. Яғни, Өмірге қанағаттанушылық шкаласы арқылы алынған нәтижеге ұзақ мерзімде тұрақты және қысқа уақытта орын алған тосын жағдайлар аз әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта дүние жүзі бойынша Өмірге қанағаттанушылық шкаласы позитивті психология саласы бойынша зерттеулерде белсенді қолданылып келеді. Бұл әдістемені қолдана отырып, әр түрлі мәдениет өкілдері мен әлеуметтік-демографиялық топтарға жүргізілген көптеген зерттеулер бар. Сонымен қатар, сербиялық ғалымдар аталған өлшеу құралының психиатриялық пациенттерге қолдануға болатындығын дәлелдеді [5].

Белгілі бір ұлттың өмірге қанағаттанушылық бойынша орташа деңгейі қоғамдағы түрлі өмір сапасына байланысты шкаланың валидтілігіне дәлел бола алады. Мысалы, ұлттың өмірге қанағаттанушының орташа деңгейі азаматтық және саяси құқықтармен, саяси еркіндікпен, жемқорлықтың төмен деңгейімен байланысады [3].

Осы орайда “Өмірге қанағаттанушылық деңгейі тұқым қуалай ма әлде жоқ па?” деген сұрақ туындауы мүмкін. DeNeve зерттеуінде өмірге қанағаттанудағы өзгерістер серотонинді тасымалдаушы гендегі әртүрлі аллельдермен байланысты екенін анықтады. Демек, белгілі бір дәрежеде өмірге қанағаттанушылық тұқым қуалайтын айырмашылықтармен жүйелі түрде байланысты болуы мүмкін [3].

Сондай-ақ, ұжымдық және жеке мәдениет өкілдерінің өмірге қанағаттанушылық деңгейлері бойынша айырмашылықтарын анықтау үшін америкалық және қытайлық жеткіншектерге зерттеу жүргізілген. Нәтижесінде америкалық жеткіншектердің өмірге қанағаттанушылық деңгейі жоғары болғанымен, екі мәдениет арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігі дәлелденбеді [6]. Яғни, ұжымдық және жеке мәдениет өкілдерінің өмірге қанағаттанушылық деңгейлерінде айырмашылық жоқ. Тағы бір жеткіншектерге жүргізілген зерттеуде олардың отбасы қолдауын сезінуі, әлеуметтік-экономикалық жағдайын өзіндік бағалауы, болашаққа бағдары, мектебіне қанағаттануы, дінге сенуі, достарының қолдауы өмірге қанағаттанушылығына әсер ететіні және қыздарға қарағанда ұлдарда өмірге қанағаттанушылық деңгейі жоғары екендігі анықталған [7].


Көп жағдайда белгілі бір құбылысты зерттеу студенттерге жүргізілумен шектеледі. Зерттеу нәтижелері барлық адамға тән екендігін дәлелдеу үшін респонденттер

қатарында әр түрлі жастағы ересек, егде жастағы адамдар болуы керек. Осы мақсатта АҚШ-да жүргізілген зерттеу жұмысында 30-97 жас аралығындағы тұлғалардың өмірге қанағаттанушылық деңгейі өлшеніп, жас ерекшелік бойынша статистикалық мәнді айырмашылық жоқ екендігі дәлелденді. Сондай-ақ, адамның денсаулық және қаржылық жағдайына қанағаттануы жалпы өмірге қанағаттанушылықпен тұрақты байланыста екендігі анықталды [8].

Жалпы өмірге қанағаттанушылықты өлшеумен қатар, өмірдің негізге салаларына қанағаттану бойынша да зерттеулер жүргізілген. Осындай зерттеудің бірінде 50 жастан жоғары АҚШ тұрғындарының жалпы өмірге қанағаттанушылық деңгейімен қатар, өмір сүру жағдайы, географиялық орны, жұмыстан тыс айналысатын әрекеттері, отбасылық өмірі, қаржылық жағдайы, жалпы үй кірісі және денсаулық сияқты жеті өмір саласындағы қанағаттанушылық деңгейлері өлшенген. Нәтижесінде өмір салалары бойынша қанағаттанушылық деңгейі психологиялық әл-ауқаттың артуына, стрестің төмендеуіне әсер ететіні, сондай-ақ, қаржылық жағдайға, кіріске, отбасылық өмірге және жұмыстан тыс әрекеттерге қанағаттанушылықтың психологиялық факторлармен үлкен байланысы бар екендігі анықталды [9].

Өмірге қанағаттанушылық тұлғаның болашақтағы жүріс-тұрысына әсер етеді. Мысалы, Chang мен Sanna, Koivumaa-Honkanen зерттеулерінде өмірге қанағаттанушылықтың төмен деңгейі бірнеше жыл өткеннен кейінгі суицидтік ойларға алып келген [3]. Ал, Luhmann және оның әріптестерінің зерттеуінде өмірге қанағаттанушылығы жоғары тұлғалардың басым көпшілігі келесі 5 жыл ішінде үйленгені және ата-ана атанғаны, ал өмірге қанағаттанушылығы төмен тұлғаларда болашақта айырылысу, қоныс аудару, жұмыстан шығып қалу жағдайлары байқалған [10].

Өмірге қанағаттанушылық шкаласы соңғы 20-30 жылда дүние жүзі бойынша зерттеулерде қарқынды қолданылып келеді. Scopus базасы ұсынған ақпарат бойынша, 2023 жылдың өзінде аталған әдістеме 476 зерттеу жұмысында қолданылған. Scopus базасындағы зерттеу мақалалары бойынша өлшеу құралының қазіргі уақытқа дейінгі қолданылу жиілігі 1-суретте көрсетілген [11].



Сурет 1. 1985-2023 жж. Өмірге қанағаттанушылық шкаласының қолданылу жиілігі (Scopus базасы бойынша)

Сонымен, өмірге қанағаттанушылық ұғымы көптеген мемлекеттерде қарқынды зерттеліп жатқанына көз жеткіздік. М. Argyle мен әріптестерінің зерттеуінде осы құрылымдардың бақытқа қаншалықты әсер ететіні анықталғанымен [12], қазақстандық таңдау тобында аталған бақыт моделі бойынша эмпирикалық зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан бұл зерттеуімізде Diener және әріптестері ұсынған Өмірге қанағаттанушылық шкаласының қазақ тілді нұсқасының сенімділігін дәлелдеп, өмірге қанағаттанудың бақытқа әсер етуін қарастырдық.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Diener және әріптестері ұсынған Өмірге қанағаттанушылық шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және өмірге қанағаттанудың бақытқа әсер етуін анықтау мақсатын қойдық. Осыған орай, мынадай болжамдарды тексеруді жөн көрдік: 1) қазақ тіліне аударылған Өмірге қанағаттанушылық шкаласының сенімділік статистикасы жоғары болады; 2) тұлғаның өмірге қанағаттанушылық деңгейі оның өзін бақытты сезінуіне әсер етеді.

Қатысушылар

Зерттеуге Қазақстанның түрлі аймағынан 16-70 жас аралығындағы 417 қазақ тілді тұрғындары қашықтықтан, Google Forms-ты толтыру арқылы қатысты. Негізгі әдістемелер жүргізілуімен қатар, олардың жасы, жынысы, білімі, отбасылық және жұмыс жағдайына байланысты әлеуметтік-демографиялық ақпараттары қосымша жинақталды. Респонденттерге сауалнама нәтижесінің жалпылама көрсеткіштері зерттеуде қолданылатыны және жинақталған ақпараттардың құпиялығы сақталатыны алдын-ала ескергілді.

Өлшемдер

Зерттеу барысында қазақ тіліне аударылған Өмірге қанағаттанушылық шкаласы (The Satisfaction with Life Scale; Diener, E., Emmons, R. A., Larsen, R. J., & Griffin, S.; 1985) [1] және Оксфордтық бақыт сауалнамасы (The Oxford Happiness Questionnaire; Hills, P., & Argyle, M.; 2002 [12]; қазақшаға аударған: Қасымжанова А.А., Ахан Қ.О., 2022 [13]) қолданылды.

Өмірге қанағаттанушылық шкаласын 1985 жылы позитивті психологияның белсенді зерттеушілері Diener, Emmons, Larsen және Griffin ұсынған. Әдістеме 5 тармақтан және 7 балдық Likert-шкаладан тұрады. Респонденттер әр сөйлемге қаншалықты келісетінін төмендегі жауаптар арқылы белгілеп көрсетеді:

- 1 балл – мүлдем келіспеймін;
- 2 балл – келіспеймін;
- 3 балл – аздап келіспеймін;
- 4 балл – бейтарап;
- 5 балл – аздап келісемін;
- 6 балл – келісемін;
- 7 балл – толық келісемін.

Әдістеме жауаптарының өңделуі және интерпретация:

Жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін әдістеменің барлық тармақтары бойынша балдарын қосу қажет. Шыққан нәтижелер қанағаттанушылықтың мынадай деңгейлерін білдіреді:

- 5-9 балл тұлғаның өз өміріне мүлдем қанағаттанбауын көрсетеді.
- 10-14 балл өміріне көп жағдайда қанағаттанбау деңгейін білдіреді.
- 15-19 балл – өмірінде орын алып жатқан жағдайларға жартылай қанағаттанбау көрсеткіші.
- 20 балл жинаған тұлғалар өміріне қанағаттанушылықты да, қанағаттанбаушылықты да сезінбейді.
- 21-25 балл – өмірінде орын алып жатқан жағдайларға жартылай қанағаттану көрсеткіші.
- 26-30 балл адамның өміріндегі жағдайларға толықтай дерлік қанағаттану деңгейін көрсетеді.

- 31-35 балл тұлғаның өз өміріне өте жоғары деңгейде қанағаттанатынын білдіреді [3].

Оксфордтық бақыт сауалнамасының 29 тармақтан, 6 балдық Likert-шкаладан тұратын нұсқасын 2002 жылы бақыт тақырыбының зерттеушілері Argyle және Hills ұсынады. 2022 жылы бұл әдістеме қазақ тіліне аударылып, сұрақтары ұлт пен тіл ерекшелігіне бейімделген нұсқасының сенімділік дәрежесі жоғары екендігі дәлелденді (α -Кронбах = 0,872) [13].

Сонымен қатар, зерттеу барысында тұлғалардың өмірге қанағаттанушылығы мен бақыт деңгейінің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін анықтау үшін жасы, жынысы, білімі, отбасылық және жұмыс жағдайына байланысты қосымша ақпараттар жинақталды.

Зерттеу нәтижесі және талқылау

Эмпирикалық зерттеу барысында алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық талдау 5 кезеңнен тұрды. *Бірінші кезеңде* өмірге қанағаттанушылық және бақыт шкалалары бойынша алынған көрсеткіштердің сипаттамалы статистикасы қолданыла отырып, таңдау тобының қалыпты үлестірім заңдылығына бағынатыны тексерілді.

Кесте 1. Өмірге қанағаттанушылық және бақыт шкалалары бойынша сипаттамалы статистика

Сипаттамалы статистика									
	N	Минимум	Максимум	Орта мән	Станд. ауытқу	Асимметрия		Экссесс	
						Статистика	Станд. қателік	Статистика	Станд. қателік
Өмірге қанағаттанушылық	417	5,00	35,00	24,27	6,4335	-,469	,120	-,371	,238
Бақыт	417	1,90	5,80	4,342	,75692	-,236	,120	-,578	,238
N валидті (тұтас)	417								

1-кестеде берілген сипаттамалы статистикадағы асимметрия және экссесс көрсеткіштерінен таңдау тобының қалыпты үлестірім заңдылығына сәйкес екенін көре аламыз. Демек, мәліметтерді математикалық-статистикалық талдауда параметрлік критерийлерді қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер барлық қазақ тілді Қазақстан тұрғындарына тән деп қорытынды жасай аламыз.

Өмірге қанағаттанушылық шкаласының қазақ тіліндегі нұсқасы бірінші рет қолданылып тұрғандықтан, зерттеу мәліметтерін талдаудың *екінші кезеңінде* әдістеменің жалпы және жеке тармақтар бойынша сенімділік деңгейі тексерілді.

Кесте 2. Өмірге қанағаттанушылық шкаласының сенімділік статистикасы

Сенімділік статистикасы		
Альфа Кронбах	Стандартталған тармақтарға негізделген альфа Кронбах	Тармақтар саны
,840	,850	5

2-кестеде берілген мәліметтен қазақ тіліне аударылған Өмірге қанағаттанушылық шкаласының α -коэффициенті (альфа-Кронбах) 0,840-қа тең екенін көреміз. Бұл әдістеменің сенімділік дәрежесі жоғары екендігін білдіреді.

Кесте 3. Өмірге қанағаттанушылық шкаласының жеке тармақтар бойынша сенімділік статистикасы

Тармақтың жалпы балға қатынасының статистикасы					
Өмірге қанағаттанушылық шкаласының сұрақтары	Тармақты алып тастағандағы шкаланың орта мәні	Тармақты алып тастағандағы шкаланың дисперсиясы	Тармақтың жалпы балмен корреляциясы	Көп деңгейлі корреляция коэффициентінің квадраты	Тармақты алып тастағандағы альфа-Кронбах коэффициенті
1. Менің өмірім көбінесе идеалыма жақын.	19,8106	28,192	,667	,454	,802
2. Менің өмір сүру жағдайым өте жақсы.	18,9233	28,869	,701	,560	,797
3. Мен өз өміріме қанағаттанамын.	18,9544	27,678	,700	,553	,793
4. Мен осы уақытқа дейін өмірімде қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім.	19,5060	27,467	,644	,417	,807
5. Егер мен өз өмірімді қайта сүрсем, ештеңені өзгертпес едім.	19,9185	25,652	,565	,326	,842

Ал, 3-кестеде Өмірге қанағаттанушылық шкаласының әр тармағы бойынша α -коэффициенттері 0,79-дан жоғары. Бұл әдістеменің ішкі сенімділігінің жоғары және тармақтардың бір-бірімен үйлесімділігін білдіреді. Жалпы және жеке тармақтар бойынша сенімділік статистикасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, бұл әдістемені қазақ тілді тұлғалардың өмірге қанағаттанушылық деңгейін диагностикалауға жарамды екенін айта аламыз.

Зерттеу мәліметтерін талдаудың үшінші кезеңінде өмірге қанағаттанушылық және бақыт шкалаларының арасындағы өзара байланысты анықтауда Пирсонның корреляциялық талдауы қолданылды.

Кесте 4. Өмірге қанағаттанушылық және бақыт арасындағы корреляциялық байланыс

Корреляция		
		Бақыт
Өмірге қанағаттанушылық	Пирсон корреляциясы	,688**
	Мәнділік (2 жақты)	,000
	N	417
**. Корреляция 0.01 деңгейінде мәнді (2 жақты).		

Өмірге қанағаттанушылық және бақыт шкалалары арасында 0,01 деңгейінде мәнді тікелей оң корреляциялық байланыс анықталды (4-кесте). Бұл екі шкала көрсеткіштері бірге жоғарылап немесе бірге төмендейтінін білдіреді. Яғни, тұлға өміріне толықтай


қанағаттанса, өзін өте бақытты сезінеді, ал өміріне қанағаттанбаса өзін өте бақытсыз сезінеді немесе әсер ету керісінше орын алып, өте бақытты тұлға өз өміріне толықтай қанағаттануы, ал өте бақытсыз тұлға өз өміріне қанағаттанбауы мүмкін.

Төртінші кезеңде корреляциялық талдау барысында алынған нәтижеге сүйене отырып, айнымалылардың бір-біріне әсерін нақтылау үшін Бонферони критерийімен бір факторлы дисперсиялық талдау жүргізілді.

Кесте 5. Өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер етуін дисперсиялық талдау

Бір факторлы дисперсиялық талдау					
Бақыт	Квадраттар жиынтығы	Еркіндік дәрежесі	Орташа квадрат	F	Мәнділік
Топ арасында	108,753	6	18,125	57,349	,000
Топ ішінде	129,583	410	,316		
Барлығы	238,336	416			

5-кестеде берілген ақпараттардан бір факторлы дисперсиялық талдаудың мәнділігі 0,05-тен төмен екенін көре аламыз. Бұл талдау нәтижесінің статистикалық сенімділігін дәлелдейді. Бонферони критерийін қолдана отырып дисперсиялық талдау жүргізу барысында тұлғаның өмірге қанағаттанушылық деңгейі артқан сайын бақыт та біртіндеп артатыны анықталды (2-сурет).



Сурет 2. Өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер етуі

2-суреттен өмірге қанағаттанушылық артқан сайын бақыт деңгейі де біртіндеп артатынын көре аламыз. Сонымен қатар, өмірге қанағаттанушылықтың ең төмен деңгейі тұлғаның өзін бақытсыз сезінуіне алып келмейтінін байқауға болады. Оның орнына тұлға бейтарап күйінде қалуы, яғни, өмірге қанағаттанбаған жағдайда өзін бақытты не бақытсыз сезіне алмауы мүмкін. Мұны қазақ халқының ұлттық және мәдени ерекшеліктерімен байланыстыруға болады. Яғни, айналадағы жағдай толықтай қанағаттанып өмір сүруге кедергі келтіргеннің өзінде қолдағы барға шүкіршілік, тәубе ету арқылы олар өзінің ішкі күйінің тұрақтылығын сақтап, алдағы жарқын күнге деген үміттерін өшірмеген. Тіпті, халық арасында “Барға шүкір ет, жоққа сабыр ет” “Азға - қанағат, барға - тәубе,

жоққа - сабыр” деген сөздер кеңінен тараған. Жақсылыққа деген үміт пен ішкі күй тұрақтылығының әсерінен өміріне толық қанағаттанған сайын өздерін бақытты сезінсе де, өміріне қанағаттанбау олардың бақытсыз болуына алып келмейді. Бұл қазақ ұлтының қанша қиыншылықты басынан өткізіп келе жатса да, әлі күнге дейін сағы сынбағанына дәлел болуы мүмкін.

Статистикалық талдаулар арқылы өмірге қанағаттанушылықтың бақыт деңгейіне әсер ететінін анықтадық. Дегенмен, өмірге қанағаттанушылықтан басқа да факторлардың бақыттың артуына немесе төмендеуіне үлес қосатынын да ескеруіміз қажет. Яғни, тек қана өмірге қанағаттанушылықтың жоғары болуы бақыттың артуына толықтай кепілдік бермеуі мүмкін. Сол себепті *бесінші кезеңде* регрессиялық талдау жүргізудің қажеттілігі туындап отыр.

Кесте 6. Өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер етуін эмпирикалық зерттеу

Модельге арналған мәлімет ^b					
Модель	R	R-квадрат	Түзетілген R-квадрат	Бағалаудың стандартты қателігі	Дурбин-Уотсон
1	,672 ^a	,451	,450	,56133	1,899
a. Предикторлар: (конст) өмірге қанағаттанушылық					
b. Тәуелді айнымалы: бақыт					

Регрессиялық талдау нәтижесінде көптік детерминация коэффициенті – R-квадраттың 0,451-ге тең екені анықталды. Бұл өмірге қанағаттанушылықтың 45% жағдайда бақытқа әсер ететінін білдіреді. Яғни, өзімізді бақытты сезінуіміз көп жағдайға өмірге қаншалықты қанағаттануымызға тәуелді.

Эмпирикалық зерттеуіміз барысында алынған нәтиже Argyle ұсынған бақыт құрылымына сәйкес келеді. Бұл теория бойынша, бақыт өмірге қанағаттанушылықтан, позитивті эмоциялардың болуы мен негативті эмоциялардың болмауынан тұрады [12]. Ал, біздің зерттеуімізде бақыт 45% өмірге қанағаттанушылықтан тұратыны анықталды. Айналамызда, өмірімізде орын алып жатқан жағдайларға толықтай қанағаттансақ, өзімізді өте бақытты тұлға ретінде сезіне аламыз. Дегенмен, бақыттың аталған құрылымнан басқа да предикторлары болуы және қанағаттанушылық сол предикторлар арқылы жанама немесе тікелей байланысуы мүмкін. Яғни, тек өмірімізге қанағаттанғанда ғана емес, жағымды эмоцияларды бастан кешіргенде, өміріміздің мәнін іздегенде немесе түсінгенде, болашаққа үмітпен қарағанда өзімізді бақытты сезінуіміз мүмкін. Сонымен қатар, Sarıçam зерттеуінде көрсетілгендей шынайы өмір сүру арқылы өзін бақытты сезіну адамның өмірге қанағаттанушылығына тікелей оң әсер ететіні сияқты кері құбылыстарды да ескеруіміз қажет [14].

Бұл зерттеу нәтижелері Қазақстандағы позитивті психология бойынша эмпирикалық зерттеулер легінің бастамасы деп айта аламыз. Алдағы уақытта бақыттың басқа да құрылымдарымен байланысын анықтау бойынша зерттеулер жүргізілуі ұсынылады.

Қорытынды

Сонымен, өмірге қанағаттанушылықтың бақытқа әсер етуін эмпирикалық зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- Өмірге қанағаттанушылық теорияларына, оның бақытпен байланысы бойынша зерттеулерге шолу жасалынып, қазақ тілді респонденттермен зерттеу жүргізудің өзектілігі анықталды;

- Қазақ тіліне аударылған Өмірге қанағаттанушылық шкаласының жалпы және жеке тармақтар бойынша α -коэффициентінің жоғары екендігі анықталып, әдістеменің сенімділігі дәлелденді;

- Корреляциялық талдау нәтижесінде өмірге қанағаттанушылық пен бақыт арасында оң байланыс бар екендігі, дисперсиялық талдау арқылы өмірге қанағаттанушылық деңгейі артқан сайын бақыттың да артатыны, ал регрессиялық талдау бойынша өмірге қанағаттанушылық 45% жағдайда бақыт деңгейіне әсер ететіні анықталды.

Алынған нәтижелерді саралай отырып, зерттеуіміздің болжамы толығымен расталғанына көз жеткізе аламыз. Зерттеу нәтижесін позитивті психология саласындағы зерттеушілер пен психологтар қазақ тілді тұлғалармен диагностикалық жұмыстар жүргізу барысында авторлық құқықта сақтай отырып қолдана алады. Болашақта бақыттың басқа да предикторлары, сонымен қатар олардың жанама және тікелей әсер етуін анықтау бойынша кеңінен зерттеулер жүргізу ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ed Diener Robert A., Emmons Randy J. Larsen, Sharon Griffin. The Satisfaction With Life Scale // Journal of Personality Assessment. – 1985. – No. 49:1. – P. 71-75.
2. Shin D.C., Johnson D.M. Avowed happiness as an overall assessment of the quality of life. Social Indicators Research. – 1978. – No. 5(1-4). – P. 475–492.
3. Diener E., Inglehart R., Tay L. Theory and Validity of Life Satisfaction Scales. Social Indicators Research, – 2012. – No. 112(3). – P. 497–527.
4. Eid M., Diener E. Global judgments of subjective well-being: Situational variability and long-term stability. Social Indicators Research. – 2004. – No. 65. – P. 245–277.
5. Jovanović V., Lazić M., Gavrilov-Jerković V. Measuring life satisfaction among psychiatric patients: Measurement invariance and validity of the Satisfaction with Life Scale. Clinical Psychology & Psychotherapy. – 2020.
6. Jiang X., Fang L., Stith B.R. A cross-cultural evaluation of the students' life satisfaction scale in chinese and american adolescents. Curr Psychol 40, 2552–2560. – 2021.
7. Piko B.F. Adolescent Life Satisfaction: Association with Psychological, School-Related, Religious and Socially Supportive Factors. Children. – 2023. – No.10. – P. 1176.
8. Hartung Johanna, Spormann Sandy Sue, Moshagen Morten Wilhelm, Oliver. Structural Differences in Life Satisfaction in a U.S. Adult Sample across Age. Journal of Personality. – 2021.
9. Nakamura J.S., Delaney S.W., Diener E. Are all domains of life satisfaction equal? Differential associations with health and well-being in older adults. Qual Life Res 31. – 2021. – P. 1043–1056.
10. Luhmann M., Lucas R. E., Eid M., Diener E. The prospective effect of life satisfaction on life events. Social Psychological and Personality Science. – 2021.
11. Scopus. Analyze search results. [Web resource]. – 2023. – URL: <https://share.kz/grhp> (қаралған күні 22.09.2023)
12. Hills P., Argyle M. The oxford happiness questionnaire: A compact scale for the measurement of psychological well-being // Personality and Individual Differences. – 2002. – No. 33(7). – P. 1073–1082.
13. Касымжанова А.А., Ахан К.О. Оксфордтық бақыт сауалнамасының қазақ тіліне аударылуы және бейімделуі. Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy. – 2022. – Б. 15-25.
14. Sariçam H. Life satisfaction: Testing a structural equation model based on authenticity and subjective happiness // Polish Psychological Bulletin. – 2015. – 46(2). – P. 278–284.

А.А. Касымжанова¹, Б.Ф. Пико², К.О. Ахан³

^{1,3} университет "Тұран", Алматы, Казахстан

² Сегедский университет, Сегед, Венгрия

Поперечное исследование удовлетворенности жизнью и счастья на выборке населения Казахстана

Аннотация. В статье представлены результаты эмпирического исследования, проведенного с целью адаптации шкалы удовлетворенности жизнью на казахском языке и выявления влияния удовлетворенности жизнью, определяемый по данной методике, на счастье по показателю, полученному по данной методике. Участниками данного исследования были казахоязычные жители Казахстана (N = 417) в возрасте от 16 до 70 лет (средний возраст = 27 лет, SD = 8,8). В ходе данной исследовательской работы проверялось соответствие выборочной группы нормальному закону распределения и применялись параметрические методы при анализе показателей. Шкала удовлетворенности жизнью (SWLS), разработанная Динером и его коллегами (1985), была переведена на казахский язык и адаптирована к национальным и языковым особенностям. Коэффициент Альфа-Кронбаха по общим и отдельным пунктам был выше 0,8, и надежность методики была статистически подтверждена. Для определения уровня счастья респондентов использовался Оксфордский опросник счастья, адаптированный на казахский язык. Для изучения взаимосвязи между удовлетворенностью жизнью и счастьем был проведен корреляционный анализ Пирсона, в результате которого было установлено, что между двумя упомянутыми переменными существует прямая положительная корреляция ($r = 0,688$; $p < 0,01$). В ходе дисперсионного анализа определено, что удовлетворенность жизнью влияет на счастье, а в регрессионном анализе было доказано, что удовлетворенность жизнью является предиктором счастья в 45% случаев. Эти результаты вносят важный вклад в адаптационный процесс шкалы удовлетворенности жизнью, которая может быть использована исследователями и психологами в области позитивной психологии при работе с казахоязычными людьми.

Ключевые слова: удовлетворенность жизнью, счастье, статистика надежности.

А.А. Kassymzhanova¹, B.F. Piko², K.O. Akhan³

^{1,3} Turan University, Almaty, Kazakhstan

² University of Szeged, Szeged, Hungary

Cross-sectional study of life satisfaction and happiness in a sample of Kazakh general population

Abstract. The article presents the results of a cross-sectional survey conducted with the aim of adapting the life satisfaction scale in the Kazakh language applying happiness scale as a reference. Participants of this study were Kazakh-speaking residents of Kazakhstan (N = 417) aged from 16 to 70 years old (Mean age = 27 years, SD = 8.8). During this research, the compliance of the sample group with the normal distribution law was checked and parametric methods were used to analyze the indicators. The Satisfaction With Life Scale (SWLS) developed by Diener and his colleagues (1985) was translated into Kazakh and adapted to the characteristics of the nation and language. The Cronbach's Alpha coefficient for total and individual items was above 0.8, and the reliability of the technique was statistically confirmed. The Oxford Happiness Questionnaire which had been previously adapted into the Kazakh language, was used to determine the level of happiness of respondents. In order to justify the relationship between life satisfaction and happiness, Pearson correlation analysis was carried out. As a result it was found that there was a direct positive correlation between these variables ($r = 0,688$; $p < 0,01$). An analysis of variance determined that life satisfaction affects happiness. In regression analysis life satisfaction explained 45% of the variance in happiness. These results provide important contribution to the adaptational process of the life satisfaction scale which can be used by researchers and psychologists in the field of positive psychology when working with Kazakh-speaking people.

Keywords: life satisfaction, happiness, reliability statistics.

References

1. Ed Diener Robert A., Emmons Randy J. Larsen, Sharon Griffin. The Satisfaction With Life Scale. *Journal of Personality Assessment*. 1985. No. 49:1. P. 71-75.
2. Shin D.C., Johnson D.M. Avowed happiness as an overall assessment of the quality of life. *Social Indicators Research*. 1978. No. 5(1-4). P. 475-492.
3. Diener E., Inglehart R., Tay L. Theory and Validity of Life Satisfaction Scales. *Social Indicators Research*. 2012. No. 112(3). P. 497-527.
4. Eid M., Diener E. Global judgments of subjective well-being: Situational variability and long-term stability. *Social Indicators Research*. 2004. No. 65. P. 245-277.
5. Jovanović V., Lazić, M., & Gavrilov-Jerković V. Measuring life satisfaction among psychiatric patients: Measurement invariance and validity of the Satisfaction with Life Scale. *Clinical Psychology & Psychotherapy*. 2020.
6. Jiang X., Fang L., Stith B.R. A cross-cultural evaluation of the students' life satisfaction scale in chinese and american adolescents. *Curr Psychol* 40, 2552-2560. 2021.
7. Piko B.F. Adolescent Life Satisfaction: Association with Psychological, School-Related, Religious and Socially Supportive Factors. *Children*. 2023. No.10. P. 1176.
8. Hartung Johanna, Spormann Sandy Sue, Moshagen Morten Wilhelm, Oliver. Structural Differences in Life Satisfaction in a U.S. Adult Sample across Age. *Journal of Personality*. 2021.
9. Nakamura J.S., Delaney S.W., Diener E. Are all domains of life satisfaction equal? Differential associations with health and well-being in older adults. *Qual Life Res* 31. 2021.P. 1043-1056.
10. Luhmann M., Lucas R. E., Eid M., Diener E. The prospective effect of life satisfaction on life events. *Social Psychological and Personality Science*. 2021.
11. Scopus. Analyze search results. Available at: <https://share.kz/grhp> (accessed 22.09.2023).
12. Hills P., Argyle M. The oxford happiness questionnaire: A compact scale for the measurement of psychological well-being. *Personality and Individual Differences*. 2002. No. 33(7). P. 1073-1082.
13. Kasymzhanova A.A., Ahan K.O. Oksfordtyk бакыт сауалнамынын казак тилине аударуу жана бејимделуу. *Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy* [Translation and adaptation of the Oxford Happiness questionnaire into Kazakh]. 2022. P.15-25, [in Kazakh].
14. Sariçam H. Life satisfaction: Testing a structural equation model based on authenticity and subjective happiness. *Polish Psychological Bulletin*. 2015. 46(2). P. 278-284.

Авторлар туралы мәлімет:

Касымжанова А.А. – психология ғылымдарының кандидаты, «Психология» кафедрасының профессоры, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан.

Пико Б.Ф. – психология ғылымдарының докторы, Сегед университеті жүріс-тұрыс және медициналық ғылымдар кафедрасының профессоры, Сегед қ., Венгрия.

Ахан Қ.О. – «Психология» мамандығының докторанты, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан.

Kasymzhanova A.A. – Candidate of Psychological Sciences, Professor, Department of Psychology, Turan University, Almaty, Kazakhstan.

Pico B.F. – Doctor of Psychology, Professor, Department of Behavior and Medical Sciences, University of Szeged, Szeged, Hungary.

Akhan K.O. – PhD student, Turan University, Almaty, Kazakhstan.